


**«Қазақ и Я»
қоғамдық бірлестігі**



**ТУҒАН ЖЕР –
ТҰНҒАН ТАРИХ**

**(Ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдарының жинағы)**

**Ақтөбе
2014 жыл**

«Батыс күйшілік дәстүрінің биігі – Қазанғап және оның жолын жалғаушылар»

Бекнар Есіркепов

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің
археология және этнография ғылыми-зерттеу
бөлімінің аға ғылыми қызметкері*

Биыл қазақтың маңдайына біткен майталман өнерпазы, дәулескер күйші-композитор Қазанғап Тілепбергенұлының туғанына 160 жыл толып отыр.

Кай заман, қай ел тарихына көз жіберсек те халқының мәртебе – мерейін көтерген, мақтанышына айналған дарын иелері, дана – ғұламалары соны көштің басы болғанын көреміз. Бабалар бойындағы асыл мұра өнерді, халықтың әрі – бергі дәстүрін кейінгі ұрпаққа жеткізу тек ерекше дарын иелерінің қолынан келмек. Осындай қазақ халқының маңдайына біткен дарын иелерінің бірі күйші-композитор Қазанғап Тілепбергенұлы.

Күйші (1854-1921) Арал теңізінің батыс жағалауындағы Құланды түбегінің (қазіргі Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы) Ақбауыр деген жерінде кедей отбасында дүниеге келген.

Кедейлік, жоқшылық тауқыметі бала Қазанғаптың тез есейіп, әкесіне қолғабыс беріп, байдың қозысын бағуға мәжбүр етеді. Ән күйге жаны құмар баласының зеректігін байқап, әкесі Тілепберген жиде ағашынан домбыра жасаттырып берген. Осы домбырасын серік етіп, қой соңында жүрген 10 жыл ішінде домбыраның қос ішегінен шығатын әуеннің қыр-сырын біраз меңгереді. Кейін өзінде бармен елге жағуға, өзгеде барды алуға жолға шығады. Осы сапарында Торғай, Орынбор, Троицк, Ақтөбе, Шалқар т.б көптеген жерлерде болып қазақтың майталман өнерпаздарымен кездеседі. Кездесіп қоймайды, сырласады, мұңдасады, өзінің жалғыз емес екендігін, жанын ұғынар жандардың барын аңғарады.

Қазанғап өмір бойы ұстаз тұтқан Төреш, Орынбай, Үсен төрелер өз заманының атақты күйшілері болған. Осылардан алған тәлімін шыңдай келе, көңіліне түйе отырып, кемелденген кезінде кеудесіндегі дарын бойын жарып шығып, өмірге өшпес мұралар келді.

Қазанғап күй жанрында өзгеге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы,

орындаушылық дәстүрі бар күйші. Шәкірті Қадірәлі Ержановтың айтуы бойынша Қазанғап 124 күйдің авторы. Қазакта «Ақжелен» деп аталатын күйлер көп. Қазанғап солардың негізін салушы және оны дамытушы. Адамның жанын тебіренерлік, көңіл күй мен махаббат лирикасына толы, өн бөйында құлпырып, құбылып тұратын «Ақжелеңнің» алпыс екі түрін шығарған.

Қазанғап домбырада өте шебер орындаушы. Ол домбырада онкай да, солакай да тарта білген. Күйшінің орындаушылық қабілеті домбырада ойнаған сайын артып, орындаушылық техникасының жаңа қырлары ашыла түседі. Күйші күйдің сүйретпе қағысы мен ілме қағысын астастыра отырып, өзіндік күй дәстүрін қалыптастырған.

Оның орындаушылық шеберлігіне ұстазы Орынбай мынадай баға берген: «Он қолың мен сол қолың бірдей, саусақтарың пернеде жатық жүреді. Шектің өзін ғана іліп қағып, күйдің дыбысын таза шығарасың. Күй тартқанда кей жерлерін екпіндетіп аласың. Мұның бәрі өте жақсы. Домбыраны еркін, тік отырып тартасың, бұлда дұрыс. Тағы бір ерекшелігің – домбыраның пернелеріне карамай тартады екенсің, мұның тамаша қасиет. Жабыдай жалтақтап, буынға секіргенде тұқырып, пернеге карап отырар ма шіркін, сенде ол жоқ. Жалғыз-ақ «Нар идірген» сияқты күйлерді тартқанда, күйдің негізгі әңгімесі қайсы уақыттарда үстіңгі шекте болады. Оған келгенде, басқа күйлердегі өр тартысынды өзгертіп, майдалап, ертек айтқандай болу үшін үстіңгі шекті сөйлету керек, ол күйдің насихаты үстіңгі шекте»-дейді. Сөз арасында Орынбай Қазанғапка енді өз жанынан күй шығаруға толық мүмкіндігін бар деп кеңес берген.

Кейбір домбырашылардың беткакпактың дыбысын шығарып, саусақтарымен тарсылдатып орындайтынына Қазанғап: «Сенің қолыңдағы дауылпаз (дабыл) емес, шектің таза өз үнін бер, дыбысты үркітпе» - деп ескертпе-сын беріп отырады екен.

Атақты күйші домбыраның қос ішегінен шығатын дыбыстың қырсырын жан-тәнімен түсініп, тілін меңгеріп, әбден кемелденген кезінде өзін қоршаған әлемді өмірлік серігі домбыраға арқау етті.

Күйшінің творчествосындағы ауқымды орын алатын алпыс екі тамырлы Ақжелеңінен басқа жыр атты күйлері бар: «Ноғайлының жыр күйі», «Балжанның жыр күйі» және патша үкіметіне қарсы шыққан ағайынды Ерназар мен Бекет батырларға шығарған «Қос қыран», «Шырылдатпа», «Зар күйі», «Жіберсейші» күйлері; Жеке адамдарға «18 жасар Балжан қыз», «Кіші Қаратөс», «Көкіл», «Үлкен Қаратөс»; Жанжануарларға: «Торы аттың кекіл қакпайы», «Ақсұңқар құс», «Бөгелек»,

«Майда қоңыр»; Әзіл-сықаққа жататын «Бұрандама келіншек», «Бұранбел Акжелең»; көңіл-күй лирикасына арналған «Қап әттеген-ай», «Дүркін-дүркін дүние», «Ілме», «Жаңылтпаш», «Домалатпай Акжелең»; философиялық терең ойға «Өттің дүние», «Жұртта қалған» т.б. көптеген күйлері бар.

«Шәкіртсіз ұстаз тұл» дегендей Қазанғап мұрасы бізге шәкірттері арқылы жетті. Қазанғаптың көзін көрген, дәмдес болған шәкірттері жетерлік. Олардың Қазанғап күйлерін жеткізудегі еңбектері орасан зор. Күйшінің көзін көріп, дәмдес болған шәкірттері мыналар: Жалекеш Айпақов, Ержанов Қадірәлі, Қуантайұлы Матай, Өмірзақов Құрманғали, Келбет Тілеулин, Райымберген Жолекенов, Қосуақұлы Нұркат, Бақтыбергенұлы Медеубай, Сайым келіні Күнжан тағы да басқалар. Олардан үйренген күйшілердің келесі буыны да тармақталып кете береді. Ұлы күйшінің салып кеткен мектебін негізгі жалғаушы майталман домбырашылар: Жалекеш Айпақов, Қадірәлі Ержанов, Сәдуақас Балмағамбетов, Бақыт Басығараев, Айса Шәріпов, Момын Байғанин, Абдулхамит Райымбергенов, Жайлау Асылханов, Талап Хамзин, Нұрболат Жанаманов, Аягөз Нұрсұлтанова, Алтынбек Үмбетов тағы да басқалар. Осылайша 19 – 20 ғасырда өмір сүрген Ұлы күйшіден бері қарай шежірелі бір қауымға ұласты.

Республика көлеміне Қазанғап күйлерін алғаш танытқан Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі Жалекеш Айпақов болды.

Жалекеш Айпақов 1904 жылы Ақтөбе облысы Шалқар ауданында дүниеге келген. Ол Қазанғап күйлерін орындаушылардың ішіндегі шоқтығы биік күйші. Қазіргі орындаушылардың мәнері Жалекештің салып кеткен орындаушылық дәстүрімен жалғанып келеді. Тек қана Қазанғап күйлерін жеткізуші ғана емес Құрманғазы, Дина, Мәмен т.б. күйшілердің күйлерін де шебер орындаған. 1935 жылы Алматыға шақыртылып Қазақ мемлекеттік филормониясында домбырашы солист болып қызмет істейді. Алғаш құрылған халық аспаптар оркестрінің негізін қалаушылардың бірі болды. Ол қазақ халық музыкасын насихаттап, халыққа танытуға қосқан үлесі үшін «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталып, «Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген әртісі» атағын алды. Жалекеш Айпақов туралы естелігінде оның қызы Шолпан: «Менің әкем Жалекеш өте кербез адам еді, мінезі салмақты, тым аз сөйлейтін. Ол әкесінен қалған жалғыз тұяқ болатын.

Әкем сахнаға шығам деген күні жеңіл нәрсені де көтермейтін. қолын қатты күтетін. Пышактан сұмдық қорқушы еді. Өзінің сыптай қалпынан айнымайтын, тамақты талғаммен ішетін, сүйікті тамағы

казактың еті емес, палауы еді. Күй тартқанда ешкімнің қыбырлағанын жақтырмайтын. «Күйдің киесі кашады» деп, көзін жұмып қойып, рахаттанып тартатын. Әкем сыртынан суық болғанымен жаны жұмсақ адам еді. Жеке өмірі жайлы «Қиыншылық көрдім» деген әңгіме аузынан шыққан емес. Әкем сахнаға бір шыққанда он-онбес күйдің басын қайырмай қайтпайтын, өйткені оны халық жібермейтін. Әкем көзі тірісінде Ысқак Райымбергенов, Сұлтанғали Дәрібаев, Геннадий Шульгалармен жақсы араласты.

Әкем баки дүниеге аттанар күні өз домбырасына көзін қадап жатты да қойды. Мені қасына шақырып алып, маңдайымнан сүйді де, қолымнан ұстап «саған бермеңгі ғой» деді. «Домбыраны берші» деді. Кеудесіне басып ұзақ жатты. Сосын шешеме: «Зәке, тиек істейтін шаппам бар еді ғой, соны әперші»-деді. Шаппаны қолына алғанымен, ашуға дәрмені жетпеді. Шешем дауыс шығарып жылап жіберді. «Болмайды ғой, Зәке, мені кинамашы, мынаны ашшы»-деді әлсіз ғана. Шешем шаппаны ашып берді де әкемнің ымымен домбыраның шегін қиып жіберді. Әкемнің жаны шығып жүре берді.

Әкем марқұм пайғамбар жасында өзінің мағыналы өміріне серік болған қасиетті домбырасымен, жалған дүниемен осылай қоштасты»-деп еске алады.

Бақыт Басығараев Ақтөбе облысының Шалқар ауданында 1928 жылы дүниеге келген.

Бақыт Дәулеткелді. Жұмалы сияқты алғашқы ұстаздарынан күйлер үйреніп, кейін көптеген күйшілермен кездесіп, күйлерін пысықтай түседі. Олар Жолдастың Хайрулласы, Төлеусарының Мырзалысы, Әбдіғали, Биман, Зібира Әубәкірқызы, Тайпан, Келбет т.б. Ол Үшсай ауылында Қазанғаптың Қартмұрат, Құрманбай, Тұрғанбай деген туыстарымен, Сарыкенже, Ақкенже атты қыздарымен көрші тұрған.

Бақыт Басығараевтың өзінің айтуы бойынша 1942 жылы Үшсайда Қазанғаптың шәкірті Жұмалымен алғаш кездесіп, күйлер үйреніп, оны ұстаз тұтады. 1948 жылы Нөкіс қаласында күйші Биман Кенжебаевпен кездесіп, күй тартысады. Одан кейін әскер қатарына алынып, Түркіменстанның Мары қаласында әскери борышын өтеп жүрген кезінде, Мары облыстық партия комитетінің екінші хатшысының шақыруымен әйгілі күйші Мұрат Өскенбаевпен кездеседі. 1953 жылы Аманөткелде күйші Шыналы Шопановпен кездесіп, Қазанғап күйлерін одан әрі пысықтай түседі. 1954 жылы Құландыда Қазанғаптың тағы бір тікелей шәкірті, өзінің туған нағашысы, күйші Қадірәлі Ержановпен кездесіп, күйлер үйреніп, батасын алады. 1962-1963 жылдары Ахмет

Жұбановтың жолдауымен Өтеген Спанов келіп, Бакыт Басығараевтан Қазанғаптың бірнеше күйін ұнтаспаға жазып алады.

1978 жылы зерттеуші Абдулхамит Райымбергеновпен Ақтөбеде кездесу болып, 10-15 күн күй үйретіп, ұнтаспаға бірнеше күй түсіреді. Бакыт Басығыраев 1970 жылдары Ақтөбе облыстық радио, телеарналарына шақыртылып күйлер тартса, 1980 жылдары Қазақ радиосы, Қазақстан телеарналары хабарға түсіріп, күйтабакқа жазды. Сол кезден бастап ол Ақтөбеде, Алматыда өткен көптеген дәстүрлі музыка өнеріне байланысты өткізілген түрлі жиындарға, форумдарға, фестивальдарға, концерттерге қатысып жүлделер мен марапаттарға ие болды. 1998 жылы өнерге сіңірген еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» атағы берілді.

Қадірәлі Ержанов 1885 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Аяққұм деген жердегі Қаңбақты ауылында туған. Қадірәлінің Сапарәлі деген ағасы болған. Ол кісі Қазанғаптың тікелей шәкірті атанған. Ағасының осындай өнерін көрген Қадірәлі жасынан домбыраға әуес болып өседі. Сапарәліден бірнеше күйлер үйреніп, жасы кәмелетке келгенде әйгілі күйші Қазанғаптың қасына еріп, күй үйреніп, ел аралап екі жыл жүреді.

Қадірәлі табыннан шыққан шебер домбырашылар Қонақбай, Тасыбаймен күй тартысып жеңеді.

Қадірәлі әрбір күйді өз мәнерінде шебер орындаушы. Қадірәлі карттың орындауындағы Қазанғаптың бірнеше күйлері жеткен.

«Қазақ ССР інің еңбек сіңірген әртісі» Жәлекеш Айпаков: «Қадірәлі Қазанғаптың қасына ерген ең таңдаулы, мықты шәкірттерінің бірі» деп баға берген. Ұлы күйші Қазанғап Тілепбергеноұлы өмірден өтер алдында Қадірәліні шақыртып алып, «Көзімдей көріп сақтап, тартып жүр» деп домбырасын сыйға берген. Осындай үлкен өнер иесі, болашақ ұрпақ үшін өшпестей күй мұрасын сақтап қалдырған майталман күйші Қадірәлі Ержанов 1968 жылы сексен үш жасында қайтыс болды.

Қазанғаптың күйлерін жетік меңгеріп, насихаттаушы шәкірттерінің бірі **Айса Шәріпов**. Айса Ақтөбе облысының Ойыл ауданында 1933 жылы дүниеге келген. Бала кезінен ән – күйге жаны құмар Айса 3-4 жасында қолына домбыра алып, ауыл қарияларынан, сол жердің күйшілерінен көптеген күйлер үйренеді. Айса ата-анасынан жастай жетім қалып, аға-жеңгесі Нұрақан мен Бәтіштің тәрбиесінде болады. Бала Айсаның өнерінің шыңдалуына әкесінің ағасы Нұрақан мен жеңгесі Бәтіштің үлесі зор болды. Жеңгесі де айтарлықтай өнер адамы болған. Ойыл аудандық халық театрының әртісі қызметін атқарған. Домбырада шебер орындаушы болған. Ұрпақтарының айтуына қарағанда өз жанынан бірнеше күй шығарған делінеді. Өкінішке орай ол күйлер бүгінгі таңда қолымызға жетпей отыр.

1946 жылы Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген әртісі Әли Құрманов бастаған концерттік бригада Ойыл ауданында 3–4 күндік концерт қойған. Әли ағамыз бала Айсаның өнеріне тәнті болып, өзімен бірге Алматыға алып барып, Қазақ мемлекеттік филормониясының Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің әртісі етіп тағайындайды.

Оркестр құрамында жүріп көптеген дәулескер күйшілер мен күміс – көмей жыршылармен кездесіп, олардан көп тәлім алады. Солардың бірі Қазанғаптың шоқтығы биік шәкіртінің бірі Жәлекеш Айпаковтан көптеген Қазанғап күйлерін орындауды үйренеді. Міне, Айс Қазанғаптың Жәлекеш арқылы жеткен күй мұрасын ешбір бұзбасыз, қалпында жеткізушілердің бірі саналады. 1984 жылы оркестрдің 50 жылдығына байланысты «Қазақ ССР – інің еңбек сіңірген әртісі» атағы берілді.

Қазанғап күйлерін Республика көлемінде алғаш танытқан Жәлекеш Айпаков болса, кейін бүкіл ғұмырын Қазанғап өмірі мен шығармаларына арнаған, Қазанғап күйлерін оқыту құралына енгізіп, бүкіл казак жұртшылығына шашу етіп шашқан Сәдуақас Балмағамбетов болды.

Ол 1941 жылы Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Сарыбұлақ деген жерде туады. Алғашқы ұстаздарының бірі Қазанғаптың шәкірті Матай Қуантайұлы болды. Бертінде Жәлекеш, Қадірәліден күй алды, өнерін шыңдады. Әкесі Балмағамбет те белгілі күйші, Қазанғаптың алдын көрген өнер иесі еді.

Сәдуақас 1974 жылы Алматы консерваториясын бітірді. 1978 жылдан бастап аталмыш консерваторияда ұстаздық етті.

Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваториясының доценті. Ақтөбе музыка училищесінде ұстаздық қызметін атқарды. Сәдуақас Балмағамбетов халық композиторы Қазанғап шығармашылығын зерттеуге барша өмірін арнап, заманның «Тірі Қазанғапы» атанды. «Қыз қуу», «Шашу», «А. Жұбановқа арналған күй», «Менің Ақтөбем», «Күй дастан ауылым», т.б. күйлері, домбыра мен фортепьяноға арналған «Жас отау», Қазақ ұлт аспаптар оркестріне арналған «Күй поэмасы» арқылы есімі елімізге танымал сазгер. Күйлері Қазақ радиосы мен теледидарының алтын қорына енген.

Ол асқан домбырашы, күйші, күй өнерін жетік түсінген дарынды ұстаз.

Осындай дарын иелерінің еңбектері ескеріліп, келер ұрпаққа кеңінен насихатталса Ұлы композитордың артына қалдырған мол мұрасы да, оны жеткізген шәкірттерінің үлесі де ұрпақтар жүрегінен өшпек емес.

Материалдар облыстық музей қорынан жинақталды.